

Ұлы ақын—ағартушы

(Абай Құнанбаевтың туғанына 105 жыл толуына)



Бүгін қазақ халқы өзінің көменгер ақыны, ойшылы, қоғам қайраткері, демократы, ағартушысы Абай Құнанбаевтың туғанына 105 жыл толуын атап өтеді.

Қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық ой өрісінің тарихында Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсариндермен бірге Абай Құнанбаевтың да бейнесі ерекше көзге түседі. Олар өздерінің туған өлкесінің гүлденуінің бірден-бір дұрыс жолы алдыңғы қатарлы ел—Россиямен, көрнекті ұлт-орыстармен достықта екенін көріп, еңбекші халықты орыстардан өнер үйренуге шақырды, еңбекші жүртты білімге, техникаға жетілуге, аял еңбекке шақырды.

Абайдың қоғамдық-әдебиеттік қызметінің аса шабыт алған кезі-өткен ғасырдың 80—90 жылдары қазақ бай-феодалдарының патриархалық-рухық әдет-тұрындарды патша үкметінің отаршылық тәртібінің жағдайына бейімден-сактап калу үшін қызу күрес жүргізіп жатқан кезі болатын. Көменгер ақын-ағартушы ел ішіндегі ру таластарын: алақоздікті, халық күшін ыдыртушылықты және басқа дөрекіліктердің бәрін қатты сынады. Абай Шортанбайша күні өткен феодалдық өмірді көксеп жүртты өткенге өксітпеді, қайта еңбекші халықты еңбек пен өнер білімге шақырып, ақыл айтты.

Абай қазақ халқының творчестволық күшінің шексіз екендігіне, оның ала ұмтылушылық талабының, оның жақсы өмір үшін күресуге ынталылығының күштілігіне берік сенді. Бүкіл дүниеге көзді ашатын нәрсе ғылым екенін жете түсінген Абай жұртшылықты оқуға шақырып, өз балаларына да, өзге қазақ балаларына да

орыс мектебінде оқуды ұсынды, жалпы ғылымды үйрен деді. Абай олар халыққа пайда келтіреті деп үміттенді және оған қуанды.

Абай орыс тілін шебер меңгеріп, орыс әдебиетін сүйсініп көп оқыды. Орыстың классик ақындарының шығармаларымен қазақтарды таныстыру мақсатымен Крыловтың, Лермонтовтың, Пушкиннің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абай аударған орыс классиктерінің өлеңдерін қазақ халқы Абайдың өз өлеңіндей сүйсініп оқыды. Абай аударған Пушкиннің Онегині мен Татьянасының хаттары еңші—жыршылар арқылы бүкіл қазақ даласына тарاپ, халық фольклорына айналды.

Абай шын ағартушылықты азаматтар идеяларының жағдайынан көрді. Ол мұның тамаша үлгілері деп Салтыков-Шchedринді, Лев Толстойды атады.

«Бұл хакімдер,—дейді Абай. Европаның, орыстың ғалымдары туралы айтқан пікірінде, — ұйқы, тыныштық, әуестік қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығарғандығында, яғни: электрді тауып, аспандан жайды бұрын алып, дүниенің бір шетінен кәзір жауап алып, от пен суга қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып отырғандығы... баршасы пайдалы болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізде дағуа жоқ».

Абай өзінің өлеңдерімен XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде прогресшіл-демократиялық бағытты ұстаушы болды. Ол өзінің шығармаларында қазақ халқының тұрмыс жағдайын барлық жағынан шебер суреттей білді. Қазақ ауылында шаруашылық тұрмысы бір-біріне қайшы екі тап-кедей мен бай барын, байдың кедейді рақымсыз қанайтыннын Абай өлеңдерінде ашық көрсетті.

Абай қазақтың таза ұлт тілінде өлең жазумен бірге, әдебиет тілін халыққа түсініксіз сөздерден тазарту жолында және қазақтың өлең мәдениетін өркендету жолында көп еңбек етіп, өлеңдерге көптеген жаңа түр, жаңа ырғақ, жаңа үйлес тапты.

Абай өзінің шығармаларында қазақ халқының бақытты тұрмысын, болашағын арман етіп, халықты өнер, білімге, өзінің азаматтық правосын алуға шадырды. Абайдың арманын тек Октябрь революциясы ғана жүзеге асырды. Ленин—Сталин партиясының басшылығы, ұлы орыс халқының көмегі арқасында қазақ халқы дәулеті, ынталығы, мәдениеті өркендеген бақытты социалистік елге айналды. Абай совет дәуірі тұсында ғана өзінің қызметіне лайықты баға алды. Ұлы ақын-ағартушы Абайдың әдеби мұрасы совет азамдарының рухани зыяты болып мәңгі сақталады.